



БЕКТЕМІН
ЖІПС «NIRA-Astana» директоры
«19» маусым 2025 жыл

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша
жалпы кәсіби құзыреттерді дамыту жөніндегі
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу модулінің атауы және тақырыптардың қысқаша мазмұны	Субъектілердің санаттары бойынша сағаттар көлемі ¹		
	Ірі	Орта	Шағын
1-МОДУЛЬ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НОРМАТИВТІК ТАЛАПТАР Адамның еңбек қызметі. Еңбек құқығы институты ретінде еңбекті қорғау. Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің нормативтік-техникалық базасы. Еңбек қатынастары.	8	5	3
2-МОДУЛЬ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НОРМАЛАР Қазақстан ратификациялаған Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) конвенциялары және еңбекті қорғау талаптарын қамтитын басқа да халықаралық шарттар. «Vision Zero» немесе «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасы. Еңбекті қорғау саласындағы цифрландыру.	4	2	2
3-МОДУЛЬ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ Еңбекті қорғау қағидаттары. Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің құқықтық негіздері және оны мемлекеттік реттеу. Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері мен құқықтары. Ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі. Жұмыс орнының сипаты мен ұйымның аумағы, еңбек жағдайларының	8	4	2

¹ Мұнда, кәсіпкерлік субъектісі ретінде жұмыскерлердің жылдық орташа санына қарай мынадай санаттар түсініледі:

- шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері – заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар;
- орта кәсіпкерлік субъектілері – жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан кем, бірақ жүз адамнан асатын кәсіпкерлікті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;
- ірі кәсіпкерлік субъектілері – жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын кәсіпкерлікті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар.

жай-күйі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы, қазіргі кәсіптік тәуекел туралы, сондай-ақ оны зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғау жөніндегі шаралар туралы жұмыс берушіден анық ақпарат алуға жұмыскердің құқығы ретінде еңбекті қорғау. Жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілігі. Жұмыскерлердің жұмысты тоқтату құқығы. Жұмыскерлердің жұмыс беруші алдында еңбек міндеттерін орындауы кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және денсаулығын сақтауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік қызмет қауіпсіздігі туралы заңнаманы сақтауға қатысты мәселелер бойынша құқықтың сабақтас (еңбек құқығымен) салаларының нормативтік актілері. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық талаптарды сақтамау, өндірістегі жазатайым оқиғадан немесе кәсіби аурудан келтірілген зиянды өтеу мәселелеріне қатысты бөлігінде ҚР Азаматтық кодексі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке қатысты бөлігінде ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. Электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, авариялық жағдайлардағы жұмыскерлердің қауіпсіздігі жөніндегі шаралар.			
4-МОДУЛЬ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛ Еңбекті қорғауды басқару жүйесін ұйымдастыру. ЕҚБЖ туралы үлгілік ереже. Еңбекті қорғауды басқару жүйелерінің халықаралық стандарттарын енгізу ерекшеліктері (ХЕҰ-ЕҚБЖ 2001, ISO 45001-2018, МЕМСТ 12.0.230-2007 және т.б.). Құжаттаманы, есептілікті жүргізу. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар: түрлері, нысандары, үлгілері және жүргізу мерзімдері. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік статистикалық есептілік. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында оқытуды ұйымдастыру, ұйым жұмыскерлерін оқыту бағдарламаларын әзірлеу, еңбекті қорғау бойынша нұсқау беру, еңбекті қорғау талаптарын білуін тексеру жөніндегі комиссиялардың жұмысы. Еңбекті қорғау және өндіріс қауіпсіздігі саласындағы персоналды басқарудың психологиялық аспектілері. Кәсіпорын жетістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету орны; қауіпсіздікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету негіздері; персоналды қауіпсіз жұмысқа ынталандыру; қауіпсіз қызмет психологиясы; көшбасшылық психологиясы; басқарушылық шешім қабылдау технологиялары; менеджердің күшті және әлсіз жақтары; көшбасшылық және менеджмент; күйзеліске төзімділігі.	10	4	3
5-МОДУЛЬ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР Өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік аурулардың және өндірістік факторларға байланысты аурулардың жай-күйі мен себептерін есепке алу және талдау. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру және есепке алу тәртібі. Өндірісте зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету. Оқиғалардың түпкі себептерін талдау. Өндірісте зардап шеккендерге өтемақы және келтірілген зиянды өтеу, әлеуметтік қорғаудың үш деңгейлі жүйесі. Салдары жоқ оқиға. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан экономикалық шығындар.	7	4	3
6-МОДУЛЬ	10	6	2

ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ТӘУЕКЕЛДЕР Өндірістік (жұмыс) орта, қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Еңбек жағдайларының жіктелімі, гигиеналық өлшемшарттар. Қазақстан Республикасындағы заңнама талаптарына сәйкес республикалық ауқымда еңбек жағдайларының мониторингін жүзеге асыру үшін ұлттық деңгейде кәсіптік тәуекелдерді басқару. Қауіптерді сәйкестендіру және кәсіптік тәуекелдерді бағалау әдістері. Жұмыс орындарындағы қауіптерді сәйкестендіру. Қауіптер санаттары. Қауіптерді тәуекелдерге түрлендіру. Тәуекелдерді бағалау түрлері. Тәуекел санаттары. Тәуекелдерді басқару үдерісі. Кәсіпорында тәуекелді бағалауды ұйымдастыру. Тәуекелдерді бағалау үдерісінің жетілу деңгейлері. Тәуекел қауіпсіздік деңгейінің өлшемі ретінде. Тәуекелдер матрицасы. Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары. Тәуекелді бақылау шараларының иерархиясы. Негізгі тәуекелдерді төмендету бойынша шараларды енгізуге мониторинг және басқарушылық талдау.			
7-МОДУЛЬ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ИЕРАРХИЯСЫ. Еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық және оңалту іс-шаралары. Кәсіби ауруларды және қолайсыз өндірістік факторлар әсерінің бастапқы көріністерін анықтау, зардап шеккендердің медициналық профилактикасы және емдеу, оларды медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту, медициналық қадағалау және қарап-тексеру. Еңбекті қорғау талаптарына сәйкес санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсету. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар тиімділігінің түйінді көрсеткіштері.	8	5	3
8-МОДУЛЬ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ «Еңбекті қорғау мәдениеті» ұғымы. Оң және теріс мәдениет. Мәдениет пен еңбекті қорғау көрсеткіштері арасындағы өзара байланыс. Еңбекті қорғау мәдениетін бағалау көрсеткіштері. Жұмыскердің мінез-құлық мәнері және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға ішкі ынталандыру. Әлеуметтік әріптестік нысандары. Ұжымдық шарт. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі келісім. Ұжымдық шарт пен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі келісімнің көмегімен еңбекті қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды тиімді ұйымдастырудың құқықтық базасын құру. Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша хабардар етуді ұйымдастыру. Қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқаруға тарту. Еңбекті қорғау жөніндегі жұмыскерлердің өкілдері – жұмыскерлердің еңбекті қорғауды басқарудағы орындаушылардың қатысуының негізгі нысаны. Еңбекті қорғау бойынша жұмыскерлер өкілдерінің жұмысын ұйымдастыру: негізгі міндеттері мен құқықтары; жұмыс беруші ұйымның басшыларымен және мамандарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңестің (комиссияның) жұмысын ұйымдастыру: Еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің негізгі міндеттері, құқықтары мен функциялары; жұмыс беруші	8	5	3

ұйымның басшыларымен және мамандарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі. Жұмыс беруші деңгейінде қоғамдық бақылауды іске асыру.			
9-МОДУЛЬ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР Еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру. Еңбекті қорғауға арналған бюджет және шығындар құрылымы. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыстарды орындау кезіндегі кепілдіктер, өтемақылар мен жеңілдіктер. Міндетті әлеуметтік сақтандыру және жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру.	8	4	2
Емтихан (білімдерін тексеру)	1	1	1
Барлығы	72	40	24

Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиясының 2022 жылғы 21 шілдедегі №21-05/05-3290 хаттамалық шешіммен ҰСЫНЫЛДЫ